

ЖЕМ - САҒЫЗ

№30 (7890) 30 шілде, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Сүйінші

АУЫЛДА ЖАҢА ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Аудандағы Алтай батыр ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті аудан әкімнің қолдауымен пайдалануға берілді. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылған нысан шалғай ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін күшейтіп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін арттыруға бағытталған. Енді ауылда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып, өрттің алдын алу және құтқару жұмыстары жедел жүзеге асырылады.



рында да осындай бекеттер іске қосылады. Алтай батыр ауылындағы бекет тәулік бойы жұмыс істейді. Мұнда 12-13 қызметкер еңбек етеді, әр ауысымда екі маман кезекшілік атқарады. Бекеттің негізгі міндеті – тұрғын үйлер мен шаруашылық нысандарын, мемлекеттік мекемелерді және дала алқаптарын өрттен қорғау, сондай-ақ су айдындарында профилактикалық жұмыстар жүргізу, – деді Аслан Нұрланұлы.

Оның айтуынша, облысқа жаңа арнайы техникалардың келуіне байланысты бұл бекетке бұрын пайдаланылғанымен, техникалық тұрғыдан толық жарамды өрт сөндіру көлігі берілген. Арнайы автокөліктің барлық жүйесі жұмыс істейді және кез келген уақытта қызмет көрсетуге дайын.

Шара барысында жаңа бекеттің салынуына үлес қосқан бірқатар азаматтар Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар ауыл ақсақалы Құбаш Қауқаров ақ батысын беріп, жаңа нысанның ел игілігіне ұзақ жылдар қызмет етуіне тілектестігін білдірді.

Салтанатты рәсімнің әсерлі сәттерінің бірі – жаңа өрт сөндіру бекетінің лентасын кию болды. Құрметті қонақтар нысанның лентасын қиып, оның жұмысына ресми түрде бастау берді.

Шара соңында қатысушылар бекеттің материалдық-техникалық базасымен, қызметтік бөлмелерімен және өрт сөндіру техникасымен танысты. Мамандар жаңа нысанның ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерін таныстырып, арнайы техникалардың жұмысын көрсетті.

«Жем-Сағыз» ақпарат

Мәселе

КӨШЕ ЖАРЫҒЫ НЕГЕ СӨНДІ?

Шілде айынан бері Қарауылкелді ауылындағы көше жарықтарының жанбауы тұрғындар арасында алаңдаушылық туғызды. Ауыл тұрғындары бұл мәселенің себебін сұрап, жарықтың қашан қайта қосылатынын білгісі келеді. Ауылдық округ әкімдігінің мәліметінше, көше жарығының уақытша сөнуі техникалық ақаудан емес, электр энергиясы үшін қаржыландыру мәселесіне байланысты орын алған.



Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі Азамат Ерғалиевтің айтуынша, қазіргі таңда көше жарығын қайта іске қосу үшін қажетті қаржы мәселесі шешілу үстінде. Электр энергиясын жеткізуші мекемемен тиісті жұмыстар жүргізілуде. Қаржыландыру мәселесі толық шешілгеннен кейін көше жарықтары қайтадан қалыпты режимде жұмысын жалғастырады.

Сонымен қатар, биыл электр энергиясы тарифінің екі есеге қымбаттауына байланысты бюджет қаражатын тиімді пайдалану шаралары қолға алынбақ. Осыған сәйкес ауыл көшелеріндегі жа-

рық шамдары автоматты қосып-ажырату құрылғысы (таймер) арқылы реттеледі. Жоспар бойынша көше жарығы күн сайын кешкі сағат 21:00-ден түнгі 01:00-ге дейін автоматты түрде жанып, кейін сөндірілетін болады. Бұл тәсіл бюджет қаражатын үнемдеуге әрі электр энергиясын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Ауыл әкімі тұрғындардан қалыптасқан жағдайға түсіністікпен қарауды сұрап, мәселенің жақын күндері толық шешілетінін жеткізді.

«Жем-Сағыз» ақпарат

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ҚАДАМ

Халықты тұрақты жұмыспен қамту – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүзеге асыру мақсатында аудандық мансап орталығы «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында бос жұмыс орындарының кезекті жәрмеңкесін өткізді.



Жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің өзара тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Іс-шара барысында тұрғындар өздерінің білімі мен тәжірибесіне сәйкес бос жұмыс орындары туралы толық ақпарат алып, жұмыс берушілер еңбек жағдайлары, қойылатын талаптар және әлеуметтік көпілдіктер жөнінде кеңінен мәлімет берді.

Жәрмеңкеге аудандағы сегіз мекеме қатысып, 14 жұмыссыз азаматқа бос жұмыс орындарын ұсынды. Нәтижесінде алты азамат тұрақты жұмысқа жолдама алса, үш жас маман «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында еңбек жолын бастауға мүмкіндік алды.

Аудандық мансап орталығының директоры Өлібек Бисенбаевтың айтуын-

ша, мұндай жәрмеңкелер еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты тиімді үйлестіруге ықпал етеді.

– Біздің басты мақсатымыз – жұмыс іздеп жүрген азаматтарға нақты мүмкіндік ұсыну және жұмыс берушілерді қажетті мамандармен қамтамасыз ету. Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі – осы міндетті жүзеге асырудың тиімді тетіктерінің бірі. Алдағы уақытта да халықты жұмыспен қамтуға бағытталған осындай іс-шараларды тұрақты ұйымдастырып, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тұрғындарға кеңінен түсіндіру жұмыстарын жалғастырамыз, – деді орталық директоры.

Ө.КАРИМАН

Құқық

АДАМ САУДАСЫ - БОСТАНДЫҚҚА ҚОЛ СҰҒАТЫН ҚЫЛМЫС

Адам саудасы – әлемдік деңгейде ең қауіпті ұйымдасқан қылмыстардың бірі. Бұл қылмыс адамның ар-намысы мен бостандығын аяққа таптап, оны пайда табудың құралына айналдырады. Көпшілік адам саудасын тек шетелге заңсыз әкетумен байланыстырады. Алайда бұл ұғым әлдеқайда ауқымды. Бүгінде адамдарды еңбекке мәжбүрлеу, жыныстық қанауға пайдалану, қайыршылыққа салу, құжаттарын тартып алып заңсыз жұмысқа жегу, кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге тарту – адам саудасының кең таралған түрлері саналады.



Қылмыскерлердің әрекеті де уақыт өткен сайын өзгеріп келеді. Егер бұрын олар адамдарды таныстар арқылы арбап келсе, бүгінде әлеуметтік желілер мен интернетті белсенді пайдаланады. «Жоғары жалақы», «тәжірибе талап етілмейді», «тегін баспана мен жол ақысы қамтамасыз етіледі» деген тартымды хабарландырулар көпті қызықтырады. Кейбірі жалған агенттік немесе компания атынан хабарласып, «құжаттарды рәсімдеп береміз» деп сенімге кіреді. Кейін жәбірленушінің байланысын шектеп, құжаттарын тартып алып, мәжбүрлі еңбекке немесе өзге де заңсыз әрекеттерге итермелейді.

Адам саудасының құрбаны кез келген адам болуы мүмкін. Дегенмен жұмыссыз жүрген азаматтар, тұрақты табыс іздеп басқа өңірге немесе шетелге шығуға ниетті адамдар, жастар мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүшелері қауіп-қатерге көбірек ұшырайды. Сондықтан жұмысқа орналасар алдында жұмыс берушінің заңды тіркелген ұйым екеніне көз жеткізу, еңбек шартын мұқият оқу, мекеменің нақты мекенжайы мен байланыс деректерін тексеру аса маңызды.

Мамандар азаматтарға ешқашан жеке куәлік немесе төлқұжаттың түпнұсқасын бөгде адамдарға бермеуге кеңес береді. Жақындарыңызға қайда бара жатқаныңызды, кіммен жұмыс істейтініңізді алдын ала хабарлап, байланыста болған жөн. Егер жұмыс беруші еңбек шартын жасаудан бас тартса, жалақы туралы нақты ақпарат бермесе немесе құжаттарыңызды алып қалуға тырысса, мұндай ұсыныстан бірден бас тартқан дұрыс.

Қазіргі таңда адам саудасының алдын алуға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Осы бағытта полиция қызметкерлері білім беру ұйымдарында, еңбек ұжымдарында және халық көп жиналатын орындарда кездесулер өткізіп, тұрғындарға адам сау-

дасының белгілері мен сақтану жолдарын түсіндіреді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде профилактикалық ақпараттар жарияланып, күмәнді интернет-хабарландырулар мен заңсыз әрекеттерге мониторинг жүргізіледі.

Адам саудасының белгілерін дер кезінде байқау да маңызды. Мәселен, жұмыс беруші адамның құжаттарын тартып алып, еркін жүріп-тұруына мүмкіндік бермесе, жалақы төлемесе немесе уәде етілген жағдай мүлде сәйкес келмесе, байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салса, мұның бәрі адам саудасының немесе еңбек қанауының белгілері болуы мүмкін. Осындай жағдайға тап болған немесе күмәнді деректерді байқаған азаматтар дереу құқық қорғау органдарына хабарласуы қажет.

Адам саудасының алдын алу бағытындағы жұмыстар мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады. Полиция білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау салаларының мекемелерімен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырады. Мұндай жұмыстардың басты мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және адам саудасының құрбандарының қатарын азайту.


Аудандық полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Темірбек Нұрғалиев адам саудасының алдын алуға әр азаматтың қырағылығы маңызды екенін атап өтті.

– Адам саудасы – ауыр қылмыс және оның алдын алу баршамызға ортақ міндет. Азаматтарды тексерілмеген жұмыс ұсыныстарына сенбеуге, құжаттарын бөгде адамдарға бермеуге және еңбек қатынастарын рәсімдеуге тұрған талаптарына сай мәліметтегі шақырамыз. Интернеттегі күмәнді жарнамаларға сақ болып, кез келген күдікті жағдай туралы полицияға уақытылы хабарлаған жөн. Әрбір дерек мұқият тексеріліп, кінәлі тұлғалар заң аясында жауапкершілікке тартылады, – деді бөлім бастығы.

Ө.ЖАРТИНА

Қоғам

САЛЫҚ – АУДАН ДАМУЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ



Салықтың уақытылы әрі толық төленуі – мемлекеттің тұрақты дамуы мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырудың басты тетіктерінің бірі. Бюджетке түсетін әрбір теңге білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, жол жөндеу, мәдениет пен спорт, инфрақұрылымды дамыту сияқты маңызды салаларды қаржыландыруға бағытталады.

Қалдыбек Ідірсұлұның айтуынша, аудан бойынша биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында салық түсімдері бойынша жоспар жоғары деңгейде орындалған. Атап айтқанда, аудандық бюджет жоспары – 106,7 пайызға, облыстық бюджет – 195,9 пайызға, ал республикалық бюджет 179,9 пайызға орындалды.

Маманның айтуынша, аудан бюджетіне ең көп түсім әкелетін негізгі салық түрлеріне жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, сондай-ақ көлік, жер

Салық – мемлекет қазынасын толықтырып қана қоймай, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін негізгі қаржы көзі. Ауданда биылғы жылдың алғашқы алты айында салық түсімдері бойынша жоспар барлық деңгейдегі бюджетте артығымен орындалып отыр. Салық заңнамасындағы өзгерістер, цифрлық қызметтердің мүмкіндіктері, жеңілдіктер мен кәсіпкерлерге қойылатын талаптар туралы Байғанин ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының Салық төлеушілермен жұмыс, салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің бөлім басшысы Қалдыбек Құлшар тарқатып айтып берді.

және мүлік салықтары жатады. Бұл түсімдер ауданның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, халық игілігіне бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жиналған салықтар мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге түсіп, Парламент бекіткен бюджет аясында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек көрсету, жолдар мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік қызмет, мәдениет, спорт және экономиканы қолдау бағыттарына жұмсалады. Осылайша, әрбір төленген салық аудан тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға өз үлесін қосады.

Қалдыбек Құлшардың сөзінше, салық берешегі туындаған жағдайда заңнамада көзделген бірқатар шаралар қолданылады. Алдымен борышкерге хабарлама жіберіліп, мерзімі өткен әр күнге өсімпұл есептеледі. Егер берешек уақытылы өтелмесе, банк шоттарын бұғаттау, қаражатты мәжбүрлеп өндіріп алу, сот орындаушылары арқылы өндіру, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда мүлікке тыйым салу сияқты шаралар жүзеге асырылады.

Бүгінде салық төлеуді жеңілдететін цифрлық қызметтердің мүмкіндігі кеңейіп келеді. Азаматтар «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы берешегін тексеріп, салық төлей алады. Ал кәсіпкерлерге арналған «e-Salyq Business» қосымшасы есептілік жүргізуге және бірқатар салықтарды төлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электрондық салық төлеуші кабинеті, «eGov.kz» порталы және екінші деңгейлі банктрдің мобильді қосымшалары

арқылы да көптеген қызметтер онлайн көрсетіледі. Бұл сервистер тәулік бойы қолжетімді болып, уақытты үнемдеуге, төлем тарихын бақылауға және кезекте тұрмай-ақ барлық міндеттемелерді орындауға жағдай жасайды.

Салық заңнамасында азаматтардың жекелеген санаттарына да жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, көпбалалы аналар, I, II және III топтағы мүгедектігі бар азаматтар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар жергілікті салықтар бойынша белгілі бір жеңілдіктерді пайдалана алады. Сондай-ақ шаруа және фермер қожалықтарына арналған арнайы салық режимінде көлік құралдарына қатысты бірқатар жеңілдіктер сақталған. Бұған қоса, 2026 жылдан бастап жеңіл автокөліктердің пайдалану мерзіміне байланысты түзету коэффициенттері енгізілді. Пайдалану мерзімі 10 жылдан 20 жылға дейінгі көліктерге – 0,7, ал 20 жылдан асқан көліктерге 0,5 коэффициенті қолданылады.

Биылғы жылдың басынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енді. Соған сәйкес қосылған құн салығының мөлшерлемесі 16 пайыз болып белгіленді. ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 10 мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде бекітілді. Бұрынғы арнайы салық режимдері қысқартылып, енді өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлерге және шаруа қожалықтарына арналған үш режим ғана қалдырылды. Сонымен бірге салықтық әкімшілендіру жеңілдетіліп, электрондық қызметтердің мүмкіндігі кеңейтілді.

Көлеңкелі экономиканы азайту бағытында ауданда жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік кірістер органдары кәсіпкерлерді заңды тіркеуге, онлайн бақылау-касса машиналарын пайдалануға, электрондық шот-фактураларды рәсімдеуге және цифрлық сервистерді қолдануға шақырып келеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қолма-қол ақша, банк картасы, QR немесе басқа электрондық төлемдер арқылы есеп айырысатын кәсіпкерлер онлайн бақылау-касса машиналарын қолдануға міндетті. Бұл әрбір сауда операциясының тіркелуін, сатып алушыға фискалдық чек берілуін және мәліметтердің мемлекеттік кірістер органдарына онлайн жолдануын қамтамасыз етеді.

Маман салық төлеуден жалтарудың салдары ауыр екенін де атап өтті. Мұндай жағдайда өсімпұл есептеліп, әкімшілік жауапкершілік қарастырылуы мүмкін. Берешек мәжбүрлеп өндіріліп, ал ірі көлемде салық төлеуден қасақана жалтару анықталған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке дейінгі шаралар қолданылуы ықтимал.

- Жеке кәсіпкерлерге есептілікті уақытында әрі қателіксіз тапсыру үшін мерзімдерді алдын ала жоспарлау, электрондық сервистерді белсенді пайдалану, бастапқы құжаттарды жүйелі түрде жинақтау және есептілікті соңғы күнге қалдырмау ұсынылады. Сондай-ақ жеке кабинетке келіп түсетін хабарламаларды тұрақты бақылап, түсініксіз мәселелер туындаған жағдайда мемлекеттік кірістер органдарының немесе кәсіби бухгалтерлердің көмегіне жүгінген жөн. Салық саласында жиі кездесетін қателіктердің қатарында салықты уақытында төлемеу, есептілікті кешіктіріп тапсыру, берешекті тексермеу, жеке деректер өзгерген жағдайда уақтылы хабарламау және электрондық сервистерді пайдаланбау бар, - дейді маман.

Қалдыбек Ідірсұлұ аудан тұрғындары мен кәсіпкерлерді салық міндеттемелерін уақтылы орындауға шақырып, салықты адал төлеу – заң алдындағы міндет қана емес, ауданның өркендеуіне қосылған ортақ үлес екенін атап өтті.

Өйгерім ЖАРТИНА

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Азық-түлік бағасының тұрақтылығы – халықтың әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Осыған байланысты ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына тұрақты мониторинг жүргізіліп, сауда үстемесінің заңнама талаптарына сай сақталуына ерекше назар аударылуда. Жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесінде аудан тұрғындары қажетті азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етіліп, баға тұрақтылығы бақылауда тұр.



Ауданда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 31 түріне аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мамандары күн сайын қашықтан

мониторинг жүргізсе, аудандық мәслихат депутаттарының қатысуымен айына бір рет арнайы зерделеу жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда аудан аумағында үш супермаркет, жеті сауда үйі және 83 азық-түлік дүкені халыққа қызмет көрсетуде. Сауда орындары тауарларды

негізінен Ақтөбе қаласындағы көтерме жеткізушілерден, атап айтқанда, жеке кәсіпкер «Балмановтан», «Анвар» сауда желісінен және 41-разъезд көтерме сауда базасынан алады.

Жыл басынан бері барлық ауылдық округтердегі 47 сауда дүкенімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленетін сауда үстемесін 10–15 пайыздан асырмау жөнінде меморандум жасалған. Бұл тұрғындарға қажетті азық-түлік өнімдерінің қолжетімді бағамен сатылуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Межештің айтуынша, азық-түлік бағасын тұрақтандыру – бөлім жұмысының басым бағыттарының бірі.

– Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін мониторинг тұрақты жүргізіліп, кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстары үздіксіз ұйымдастырылуда. Басты мақсатымыз – аудан тұрғындарын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен тұрақты әрі қолжетімді бағамен қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – дейді бөлім басшысы.

Бөлім қызметкерлері мониторингтік топпен бірлесіп, халық көп шоғырланатын «Аянбек», «Айзат», «Ерсағын», «Керуен» және «Нұр-Ай» дүкендеріндегі азық-түлік бағаларын тұрақты бақылап, нәтижесін күн сайын облыстық кәсіпкерлік басқармасына жолдап отырады.

Қазіргі уақытта аудан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы тұрақты деңгейде сақталып отыр. Азық-түлік қоры жеткілікті. Көкөніс өнімдері Ақтөбе қаласынан сауда орындарына күн ара жеткізіліп, олардың сауда үстемесі жеткізу шығындарын қоса есептегенде 10–12 пайыз көлемінде қалыптасқан.

Көрші аудандардағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларымен тікелей салыстыру мүмкіндігі жоқ. Дегенмен, облыс орталығынан

шалғай орналасқан аудандарда көлік-логистикалық шығындарға байланысты бағаның 5–10 пайызға жоғары болуы қалыпты жағдай екені атап өтіледі.

2026 жылдың есепті кезеңіндегі мониторинг қорытындылары өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда аудандағы баға динамикасының жалпы тұрақты сипатта екенін көрсетіп отыр. Ұн, нан, макарон өнімдері, күріш, қарақұмық жармасы, күнбағыс майы, сүт өнімдері мен жұмыртқа бағаларында айтарлықтай өзгеріс тіркелмеген.

Ал картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат бағаларында маусымдық ерекшеліктерге байланысты уақытша ауытқулар байқалады. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығына тән қалыпты құбылыс.

Бағаны негізсіз өсіруге жол бермеу мақсатында аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі тарапынан сауда субъектілерімен тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заңнамада белгіленген сауда үстемесінің сақталуына бақылау күшейтілген.

Сондай-ақ, аудан тұрғындарын қолжетімді бағамен сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында әр сенбі сайын аудан орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі тұрақты түрде ұйымдастырылады. Жәрмеңкеде жергілікті шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер ет, сүт өнімдерін, көкөніс, жұмыртқа және басқа да азық-түлік тауарларын делдалсыз, нарықтағы бағадан төмен бағамен ұсынады. Мұндай сауда алаңдары тұрғындардың сапалы өнімді тиімді бағамен сатып алуына мүмкіндік беріп қана қоймай, жергілікті тауар өндірушілерді қолдауға да оң ықпалын тигізуде. Сондықтан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыруға бағытталған жұмыстармен қатар, сенбілік жәрмеңкелер де аудан халқын қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңызды тетіктерінің біріне айналып отыр.

Өйгерім ӨНУАРБЕК

ХАБАРЛАНДЫРУ №193 сайлау учаскесі

Қарауылкелді ауылы, Құрманғазы көшесі, № 98, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратынан

Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, № 41, «Ақтөбе облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Байғанин балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына ауысқандығын хабарлаймыз.

Байғанин ауданының әкімдігі

Білім

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ – КОЛЛЕДЖДІҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ



Колледж директоры Дәуренбек Қуановтың айтуынша, оқу орнында білім сапасын арттырумен қатар өндіріс орындарымен байланысты нығайтуға, студенттердің тәжірибелік даярлығын күшейтуге және заманауи білім беру технологияларын енгізуге басымдық берілген.

– Біздің басты мақсатымыз – диплом ғана емес, еңбек нарығында өз орнын таба алатын бәсекеге қабілетті маман даярлау. Сол үшін өндіріс орындарымен байланысты күшейтіп, студенттердің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеміз. Бүгінде жұмыс берушілермен әріптестігіміз жылдан-жылға нығайып, түлектеріміздің жұмыспен қамтылуына нақты мүмкіндік беріп отыр. Алдағы уақытта материалдық-техникалық базаны жаңартып, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу

Жаңа оқу жылы қарсаңында білім беру ұйымдарының дайындығы, талапкерлерді қабылдау науқаны, материалдық-техникалық базаны жаңғырту және түлектерді жұмыспен қамту мәселелері күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби білікті мамандар даярлау міндеті жүктеліп отыр. Бұл бағытта Байғанин техникалық колледжінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

арқылы білім сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздеп отырмыз, – дейді колледж директоры.

Байғанин техникалық колледжі өндірістік тәжірибені ұйымдастыруда аудан және облыс аумағындағы кәсіпорындармен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Соның нәтижесінде студенттер оқу барысында алған теориялық білімдерін өндіріс жағдайында шыңдап, болашақ мамандығына ерте бейімделуге мүмкіндік алады.

Өндірістік тәжірибе «Байғанин Көлік» ЖШС-і, «Тау Стандарт Сервис» ЖШС-і, «Мерей и К» ЖШС-і, «Талап Проект» ЖШС-і, «DOSSHAN» ЖШС-і, «EAGLE LLC» ЖШС-і, «TURAN SVC» ЖШС-і, «Бақыт Ақтөбе» ЖШС-і, сондай-ақ аудан аумағындағы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының базасында ұйымдастырылады. Әлеуметтік серіктестер студенттердің кәсіби машықтарын жетілдіруге ғана емес, олардың болашақ жұмыс орнына бейімделуіне де қолдау көрсетуде.

Колледжде дуальды оқыту жүйесін дамытуға ерекше мән берілген. Бұл жүйе студенттердің теориялық білімді оқу орнында меңгеріп, практикалық машықтарын өндіріс орындарында жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – 2026 жылы Байғанин техни-

калық колледжі мен «ҚазЦемент» зауыты арасында ынтымақтастық туралы меморандумның жасалуы болды. Құжат аясында өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, дуальды оқытуды дамыту және түлектерді тұрақты жұмыспен қамту мәселелері қамтылған. Мұндай әріптестік еңбек нарығына қажетті кәсіби кадрларды даярлауға жол ашып отыр.

Колледж жұмысының басты көрсеткіштерінің бірі – түлектердің жұмыспен қамтылуы.

–2025–2026 оқу жылында оқу орнын 29 түлек аяқтады. Оның ішінде үш түлек «ҚазЦемент» зауытына тұрақты жұмысқа орналасты. Екі түлек жастар практикасы бағдарламасы бойынша еңбек етуде. Алты түлек өзін-өзі жұмыспен қамтыса, бес жас Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында әскери борышын өтеп жүр. Тағы бес түлек жоғары оқу орындарына түсуге құжат тапсырған. Нәтижесінде түлектерді жұмыспен және оқумен қамту көрсеткіші 72,4 пайызды құрады, – дейді Дәуренбек Қуанов.

2026–2027 оқу жылына колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 115 талапкер қабылдау жоспарланған. Биыл талапкерлер арасында «Тамақтандыруды ұйымдастыру» және «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» мамандықтарына қызығушылық жоғары. Жалпы мемлекеттік

тапсырыс бойынша бөлінген 115 гранттың 45-і 9-сынып, 70-і 11-сынып базасында оқуға арналған.

Мемлекеттік гранттар ауыл шаруашылығын механикаландыру (тракторист-машинист), тамақтандыруды ұйымдастыру (аспаз), ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану (ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері), есептеу техникасы және ақпараттық желілер (компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы), тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу (тігінші), дәнекерлеу ісі (электргазбен дәнекерлеуші), сондай-ақ мақсатты даярлау бойынша аспаз мамандықтарына бөлінген. Бұл кәсіптердің барлығы өңірдегі еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие.

Мемлекеттік грант негізінде білім алатын студенттер шәкіртақымен, тегін жатақханамен және жол жүру жеңілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Колледждің өз жатақханасы апатты жағдайда деп танылғандықтан, 2024 жылдың қазан айынан бастап студенттер келісімшарт негізінде Қ.Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия жанындағы интернатқа орналастырылған.

–Интернатта студенттердің жайлы тұруына барлық жағдай жасалған. Жаңа оқу жылына дайындық барысында бөлмелер әктеліп, көріз жүйесіне жөндеу

жүргізілді, жылыту жүйесі өзірленді және өрт қауіпсіздігі сигнализациясы жаңартылды. Алдағы уақытта дәліздерге косметикалық жөндеу жүргізіліп, аула аумағын абаттандыру жұмыстары жалғасады, – деген колледж басшысы шалғай ауылдардан келетін студенттердің санын ескере отырып, болашақта жеке жатақхана салу қажеттігін де атап өтті.

Сонымен қатар колледжде материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жалғасуда. Алдағы уақытта оқу кабинеттері мен зертханаларды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, өндірістік шеберханаларды жаңа стөндтер мен тренажерлармен жабдықтау жоспарланған.

Сондай-ақ компьютерлік сыныптарды жаңарту, жоғары жылдамдықтағы интернет желісін жетілдіру, оқу кабинеттерін интерактивті тақталармен, проекторлармен және мультимедиялық құрылғылармен толықтыру көзделген. Директордың айтуынша, жиһаз қорын жаңарту, оқу кабинеттеріне ағымдағы жөндеу жүргізу, жарықтандыру және жылыту жүйелерін жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай қорғаныс құралдарын жаңарту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Білгеніміздей, колледжде оқу үдерісін цифрландыру бағытындағы жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Электрондық білім беру платформалары мен цифрлық ресурстар кеңінен қолданылып, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға, электрондық құжат айналымын жетілдіруге басымдық берілуде. Алдағы кезеңде оқу процесіне жасанды интеллект элементтерін енгізу, цифрлық білім беру ортасын дамыту және білім сапасын жаңа деңгейге көтеру жоспарлануда.

Өндіріс пен білімнің сабақтастығын нығайту, материалдық-техникалық базаны жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу және әлеуметтік әріптестікті дамыту бағытындағы жұмыстар Байғанин техникалық колледжінің еңбек нарығына қажетті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісін жүйелі жалғастырып келе жатқанын көрсетеді.

Әйгерім ӘНУАРБЕК



МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША І ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғау – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қызметінің басым бағыттарының бірі. Агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департаменті өңір тұрғындарының сапалы, әрі уақытылы мемлекеттік қызмет алуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Бүгінгі таңда қызмет алушылардың құқықтарын қорғау және қалпына келтіру Департамент тарапынан жүргізілетін жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, қашықтықтан бақылау шаралары, сондай-ақ Telegram-бот арқылы және өзге де байланыс арналары арқылы келіп түскен өтініштер негізінде жүзеге асырылады. Өрбір өтініш жан-жақты қаралып, заңнама талаптарының сақталуы мұқият тексеріледі.

Есепті кезеңде Департаменттің мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету сапасына жүргізген бақылау іс-шаралары нәтижесінде бірқатар мемлекеттік органдар тарапынан жалпы 13690 бұзушылық (оның ішінде: мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің сақталмауы – 754, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу – 10369, толық емес құжаттар топтасын қабылдау – 1284, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту – 1198 және өзге де заң бұзушылықтар - 85) анықталды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуына сыртқы байқау (қашықтықтан бақылау) жүргізу нәтижесінде 2707 бұзушылық анықталды.

Жартыжылдық жұмыс қорытындысы бойынша 120 қызмет алушының арыз-шағымы қаралды. Оның ішінде 30 арыз негізінде көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді, 11 арыз уәкілетті органдарға әрі қарай жолданды, 23 арыз азаматтардың өтінімі бойынша тоқтатылды, 56 арызға сәйкес тиісті түсіндірмелер берілді.

Сонымен қатар, тексеру қорытындылары бойынша 232 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілсе, өзге бақылау іс-шараларының нәтижесінде 564 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұл мемлекеттік бақылаудың тиімділігін және азаматтардың заңды құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстың жүйелі түрде жүргізіліп отырғанын көрсетеді.

Заңнама талаптарының бұзылуына жол берген лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік ықпал ету шаралары қабылданды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 465-бабы бойынша 40 әкімшілік іс қаралып, оның ішінде 19 іс бірінші бөлігімен, 20 іс екінші бөлігімен және 1 іс үшінші бөлігімен қаралды.

Сондай-ақ, анықталған бұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдарға оларды жою туралы ұсынымдар енгізіліп, жауапты тұлғаларға тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Атап айтқанда, 40 жауапты маман тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 34 қызметкерге ескерту, 5 қызметкерге сөгіс, ал 1 қызметкерге қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Алдағы уақытта да Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды жалғастырып, көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін күшейту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыратын болады.

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғау, заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру – халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың маңызды келілі болып қала береді.

Ж.Е.Жұмашева – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

Құрылтай 2026

ШЕТЕЛДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.



Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАРШАМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Жаз мезгілі – балалар үшін демалыс пен қызықты уақыт болса, ата-аналар үшін олардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлетін кезең. Мектеп каникулы кезінде балалардың көп уақытын далада, су айдындарының маңында немесе ойын алаңдарында өткізуі жазатайым оқиғалардың орын алу қаупін арттырады. Сондықтан баланың өмірі мен денсаулығын қорғау – тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Статистика көрсеткендей, көмелетке толмағандар арасында болатын жазатайым



оқиғалардың басым бөлігі ересектердің қарауынсыз қалуынан немесе қауіпсіздік ережелерінің сақталмауынан орын алады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін әр отбасы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға мән бергені жөн.

Ең алдымен, балаларды қараусыз қалдырмау маңызды. Өсіресе мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге тұрақты бақылау қажет. Терезенің ашық қалуы, ауладағы құрылыс материалдары, тұрмыстық химиялық заттар немесе электр құрылғылары сияқты қарапайым көрінетін дүниелердің өзі үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Жаз мезгілінде жиі кездесетін қауіптердің бірі – судағы қауіпсіздік. Балаларды ересектердің қарауынсыз өзен-көлдерге жіберуге болмайды. Шомылу тек арнайы белгіленген әрі қауіпсіз орындарда жүзеге асырылуы тиіс. Су жағасында ойнаудың өзі сақтықты талап етеді. Сондықтан ата-аналар балаларына суда өзін ұстау ережелерін алдын ала түсіндіріп, олардың қауіпсіздігін үнемі бақылауда ұстауы қажет.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі де назардан тыс қалмауы тиіс. Каникул кезінде балалар велосипед, самокат мініп, көшеде көбірек жүреді. Осыған байланысты жол қозғалысы ережелерін сақтау аса маңызды. Балаларға жолды тек жаяу жүргіншілер өткелі арқылы кесіп өту, бағдаршам белгілеріне бағыну,

ойын кезінде жолдың жүру бөлігін пайдаланбау сияқты қарапайым ережелерді тұрақты түрде еске салып отырған жөн.

Өрт қауіпсіздігі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Балаларға сіріңке, оттық сияқты заттарды ойнауға беруге болмайды. Электр құралдарын ересектердің бақылауынсыз пайдалануға рұқсат етпеу керек. Өрбір бала төтенше жағдайда қандай әрекет жасау керектігін және 101 мен 112 нөмірлеріне қалай хабарласатынын білгені дұрыс.

Соңғы жылдары интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселесі де өзекті болып отыр. Балалардың желідегі әрекетіне көңіл бөліп, бейтаныс адамдармен байланысқа түспеу, жеке мәліметтерін жарияламау және күмәнді сілтемелерге өтпеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ата-аналар балаларымен ашық сөйлесіп, цифрлық қауіпсіздік ережелерін бірге талқылағаны дұрыс.

Балалардың қауіпсіздігі тек ата-аналарға ғана емес, педагогтерге, мемлекеттік органдарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, төтенше жағдайлар саласы мамандарына және барлық тұрғындарға ортақ жауапкершілік жүктейді. Өрбір азамат қауіп төнген жағдайды байқаса, бейжай қарамай, дер кезінде көмек көрсетуге немесе тиісті қызметтерге хабарлауға міндетті.

Қауіпсіздік – бір күнде қалыптасатын дағды емес. Ол күнделікті тәрбие мен жауапкершіліктің нәтижесі. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үнемі түсіндіріп, өзіміз үлгі болсақ, көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

Баланың күлкісі мен амандығы – әрбір отбасының бақыты, әрбір елдің болашағы. Сондықтан балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрқайсымыз өз үлесімізді қосып, олардың алаңсыз өсіп-жетілуіне бірге жағдай жасайық.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі



БОТУЛИЗМ — ҚАУІПТІ ДЕРТ!

Ботулизм- жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық ауру түрі. Бұл ауру тағам құрамында асқазан сөліне төзімді улы токсиннің болуымен маңызды. Қоздырғыш анаэробты жағдайда тіршілік етеді,яғни өмір сүру ортасында оттегі болмауы керек. Ботулизм ауруының 90%-ы тұрмыстық жағдайында дайындалған саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс, ет, балық консервілерін және тұздалған, ысталған балық,шұжық пайдаланғаннан болады, яғни технологиялық ереже сақталмай дайындалған әртүрлі консервіленген әртүрлі тағамдарды пайдаланғанда орын алады. Улы токсин енген тағамның дәмі, сыртқы түрі ешбір өзгеріске ұшырамайды, тек өте сирек кездесетін белгі- газ бөлінуіне байланысты консервіленген қақпақтың көтерілуі байқалады.

Аурудың ерте белгілеріне аз уақыт ішінде байқалатын гастроэнтерит симптомдары жатады. (жүректің айнауы, құсу, бас ауру жатады), кейін ботулизм ауруына тән жүйке жүйесінің жұмысының бұзылу белгілеріне ауысады(көз еттерінің жансыздануы, қарашығының үлкейуі,заттарды екеуден көру,жарыққа реакцияның болмауы, таңдай еттерінің, тамақтың, кеңірдектің жансыздануы, сөйлеу-

дің жұтынудың бұзылуы және т.б.) Азғағ түскен токсиндер жүйке жасушаларына тұрып қалғасын, ағзадан бөлініп шықпайды, бұл тыныс алу және жүректің жұмысының жеткіліксіздігінен өлімге әкеліп соғады.

Ботулизмнің алдын-алу мақсатында, аудан тұрғындарына келесі мәселелерге назар аударуды ұсынамыз:

-көшеден уй жағдайында дайындалған консервіленген қақталған тағамдарды сатып алмаңыздар;

-консервіленген тағамдарды жеудің алдында оның сақталу мерзімінің ұзақтығына, сатылу мерзіміне және қақпақтың көтерілуінің «бомбаж» бар немесе жоқтығына назар аударыңыздар;

-көкөністерді, жемістерді саңырауқұлақтарды консервілеу кезінде оларды мұқият жуып, термиялық өңдеу және зарарсыздандыру тәртібін жағдайың міндетті түрде сақтау қажет;

-тағамнан улануға күдіктенген кезде міндетті түрде тез арада тиісті ем алу үшін дәрігерге қаралу керек, өз-өзінді емдеумен айналысуға болмайды.

Байғанин аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ҚҰЖАТТАР ЖОҒАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАЛАЙ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ?

Елімізде зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта зейнетақымен қамтамасыз ету:

1) мөлшері еңбек өтіліне (1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде 6 ай талап етіледі) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі 36 айға шаққандағы орташа айлық табысқа байланысты болатын ынтымақты зейнетақыны;

2) зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70-тан 118%-ға дейінгі мөлшерінде берілетін базалық зейнетақы төлемін (1998 жылға дейінгі еңбек өтілі және 1998 жылдан кейінгі міндетті зейнетақы жарналары төленген өтілі);

3) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы жүйесінен төленетін зейнетақы төлемдерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының 20.04.2023жылғы №224-VII Әлеуметтік Кодексінің 209 бабына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін есепке алынады. Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрiнiң 2023 жылғы 22 маусымдағы №232 «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындауда қайта қарау қағидалары)» - бекіту туралы бұйрығының 6 тармағына сәйкес, өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы жоқ немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар болып табылады.

Егер құжаттар сақталмаған және жұмыс берушіге хабарласу арқылы оларды қалпына келтіру мүмкін болмаса, жұмыс істеу фактісін анықтау туралы өтінішпен сотқа жүгінуге болады.

«Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы Кемерова Г.Н.

Байғанин аудандық ауруханасының ұжымы мен «Қатқоғ» кәсіподақ ұйымы Емхана медбикесі Салиева Лаззаттың қызы **Жақсылықова Айманның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.



Техникалық оңалту құралдары — жай ғана бұйымдар емес. Олар азаматтардың қозғалуына, өз бетінше өмір сүруіне және лайықты өмір сапасын қамтамасыз етуге бағытталған нақты құралдар. Арбалар, балдақтар, жүріп-тұруға арналған құралдар, есту аппараттары және т.б. түрлері адамдарға қоғам өміріне белсенді қатысуға, білім алуға, еңбек етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тәжірибе көрсетіп отырғандай, уақыт өте келе берілген құралдардың бір бөлігі пайдаланылмай қалады. Бұған денсаулық жағдайының өзгеруі, жаңа әрі заманауи құралмен ауыстырылуы немесе өзге де өмірлік жағдайлар себеп болуы мүмкін. Осындай жағдайларда құралдарды қайтару тетігі іске қосылады.

Тетіктің мәні қарапайым әрі түсінікті: егер техникалық құрал пайдаланылмаса, ол мемлекетке қайтарылады. Одан кейін оның техникалық жағдайы бағаланып, қажет болған жағдайда санитарлық өңдеу мен жөндеу жүргізіледі де, басқа мұқтаж азаматқа беріледі.

Бұл тәсіл бірнеше маңызды міндетті шешеді.

Біріншіден, бұл — техникалық оңалту құралдарына мұқтаж азаматтарды күту мерзімі қысқарады. Қайтарылған құралдар арқылы көмек көрсету жеделдейді.

Екіншіден, бюджет қаражатын тиімді пайдалану. Қайта пайдалануға жарамды құралдарды айналымға енгізу мемлекеттік шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, мемлекеттік ресурстарға жауапкершілікпен қарау мәдениеті қалыптасады. Құралдарды қайтару — басқа азаматтарға қолдау көрсетуге қосылған үлес.

Қазіргі кезеңде қайтару тетігі пилоттық режимде енгізілуде. Пилоттық өңірлер ретінде Ақтөбе облысы, Қарағанды облысы және Павлодар облысы айқындалды. Аталған өңірлерде тетікті сынақтан өткізу ұйымдастырушылық процестерді пысықтауға, рәсімдердің ашықтығын арттыруға және болашақта оны бүкіл ел бойынша кеңінен енгізуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге барлық техникалық оңалту құралдарының түрлері қайтаруға жатпайтынын атап өткен жөн. Жеке дайында-

латын бұйымдар, мысалы протездер, пайдаланушының өзінде қалады.

Маңызды жаңалықтардың бірі — Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы филиалдарының базасында әлеуметтік-техникалық сараптама қызметінің құрылуы. Мамандар техникалық құралдардың жай-күйін бағалап, оларды пайдалану кезеңінде алушыларға жан-жақты сүйемелдеу көрсетеді.

Сонымен қатар техникалық оңалту құралдарының жалға беру қоры қалыптастырылады. Бұл азаматтарды жөндеу кезеңінде немесе жаңа құрал жеткізілгенге дейін қажетті құралдармен уақытша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, адам қажетті көмексіз қалмайды.

Бұл механизмды енгізу техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету жүйесін неғұрлым икемді, ашық әрі адамдардың нақты қажеттіліктерін бағытталған жүйеге айналдырады деп күтілуде.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап Ақтөбе облысында техникалық оңалту құралдарының қайтарымды моделі бойынша

пилоттық жоба ресми түрде іске қосылды.

Пилоттық жобаның негізгі жаңалықтары:

* Техникалық оңалту құралдары азаматтарға қайтарымды негізде беріледі.

* Құрал істен шыққан жағдайда, жөндеу кезеңіне уақытша пайдалануға дәл сондай техникалық құрал тегін ұсынылады.

* Балаларға арналған техникалық оңалту құралдары олардың бойы мен дене ерекшеліктеріне сәйкес келмеген жағдайда мерзімінен бұрын ауыстырылады

* Құралдарды беру, пайдалану, жөндеу, қайтару және санитарлық өңдеу процестері толықтай цифрлық форматта жүргізіліп, пайдаланушыларға ұсыну.

Пилоттық жоба шеңберінде мүгедектігі бар адамның жеке деректерін өлшеу және тіркеу әлеуметтік-техникалық сараптама (СТЭ) жүргізу кезінде оңалту дәрігерінің оңалтудың техникалық құралдарын жалға беру пунктіде тікелей жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әр жағдайда қосымша процедуралардан өтпестен техникалық құралдың адамның ағымдағы параметрлері мен қажеттіліктеріне сәйкестігін жедел бағалауға мүмкіндік береді.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде:

* Оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтарға арналған 3 консультация;

* 2 маман-техникалық сараптама, оның нәтижелері бойынша оңалтудың 2 техникалық құралы іріктеліп, берілді.

* жобаны әлеуметтік желілерде және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық сүйемелдеу қамтамасыз етілді.

Пилоттық жоба бойынша қосымша ақпаратты Ақтөбе қаласы, Бокенбай батыр көшесі, 133/1 «Индустрия инклюзивных услуг «INVAPARK» ҚБ ғимаратында) немесе: +7 (707) 992-94-75 (Айжан Тулюгеновна) телефон байланыс арқылы алуға болады.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мазіріне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1325
Тапсырыс №11443
Көлемі 1 баспа табақ.